«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
50 жыл тұрақты даму жолында

50 лет АО «Мангистаумунайгаз». Постоянство в развитии.

«Mangistaumunaigas» JSC 50 years anniversary. Sustainable development.

# Мұнайлы өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті

№08 (60), тамыз - қыркүйек, 2014 жыл



# Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күнімен!

# Н.Жантөрин атындағы облыстық музыкалық-драма театрында мұнай-газ кешені қызметкерлеріне арналған салтанатты жиын өтті

**Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің төл мерекесіне арналған салтанатты жиында Маңғыстау облысының әкімі Алик Айдарбаев мұнайшыларды мерекемен құттықтап, өндіріс озаттарына құрмет грамоталарын тапсырды.**



Театрдың үлкен залы құрметті қонақтар мен өңірдің мол мұнайын өндіруде басы-қасында болған мұнайшы-ардагерлерге, мұнай-газ саласында еңбегі еленген құрыш білек мұнайшыларға лық толды. Жиында көрсетілген облыстағы мұнай саласының құрылып, даму тарихы айшықталған бейнефильм салтанатты шараны одан әрі әрлей түскендей. Қатысушыларды төл мерекемен құттықтаған облыс әкімі Алик Айдарбаев өңір дамуы бүкіл өмірін мұнай саласына арнаған сан-мыңдаған адамдардың, ұрпақтар сабақтастығының тағдырымен тығыз байланысты екенін ерекше атап өтті:

- Құрметті мұнайшылар! Қадірлі әріптестер! Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз - мұнайшылар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бүгінгі жиынды қасиет дарыған Маңғыстау топырағы мен оның қойнауындағы қара алтынды қазақтың несібесі еткен аталарымыздың рухына тағзым етуден бастаған жөн деп ойлаймын. Дәуірінің қиындығына қарамастан қойны кенге толы құтты мекенді ұрпағының ырзығына айналдырған сол аталарымыздың үміті ақталды. Білім мен білік заманы туғанда майлы қиянның қойнауындағы қара алтынның мол қорын ел игілігіне жарата білді. Осылайша Қазақстандағы мұнай мен газ өндірісінің аса ірі орталығына айналған Маңғыстау облысының құрылуына, оның құрамына кіретін елді мекендердің құрылысына негіз қалады. Сол себепті бұл өлкенің өткені, бүгіні мен ертеңі де негізінен мұнай және газ өндіру, оны өңдеумен байланысты. Бүгінде Қазақстанның мұнай-газ кешені жедел қарқынмен дами отырып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық өркендеуінің мығым іргетасына, қозғаушы күшіне айналды. Сондықтан да Қазақстанның дербес ел ретінде бой көтеруіне маңғыстаулық мұнайшылардың қосқан үлесі өлшеусіз, аса зор деп білеміз. Өңір экономикасының маңызды бөлігін 60 мың адам еңбек ететін мұнайгаз саласы екенін жақсы білеміз. Бүгінгі мерекеде мұнайшы-ардагерлерге, алғаш жол ашушыларға ерекше алғысымды білдіргім келеді. Осы кісілер жасаған еңбектің тәрбиелік мәні бар, біз үшін олар үлкен мақтаныш екенін Маңғыстау өңіріндегі кенорындарда еңбек еткен жұмыс тәжірибемнен білемін. Біз оларға еңбектегі қайсарлықтары үшін алғыс білдіреміз. Мұнай мен газ өндірудің арқасында Маңғыстау облысы қарқынды дамып келе жатырған облыстардың бірі болып табылады. Мұнайшылар еңбегі барлық ел үшін маңызды. Өткен жылы Ұлттық қорымыздың 690 млрд. 400 млн. теңгеге толыққаны Маңғыстаудың Республика бюджетіндегі маңызды донорлардың бірі екенін айшықтай түсті. Бюджет – оқытушылар мен дәрігерлердің айлық жалақысы. Күннің ыстығы мен ызғарына қарамастан алға қойған міндеттерді шешетін мұнайшылардың еңбегі оңай емес екенін барлығымыз білеміз. Олар өз қызметтеріндегі жоғарғы әлеуметтік жауапкершілікті көрсете отырып, демеушілікпен де айналысады. Тұрақты түрде қарттар мен мүгедектер үйіне, жетім балаларға қайырымдылық көмек көрсетіп



тұрады. Жылда өз балаларынан бөлек жағдайсыз отбасы балаларын да демалысқа жіберіп отырады. Мұнайшылар қаржысына денешынықтыру-сауықтыру кешендері мен стадиондар, мектептер мен тұрғын үйлерге спорт алаңдары, мәдениет ошақтары, мешіттер, балабақшалар, мектептер мен өзге де әлеуметтік нысандар салынуда. Құрметті достар! Бейнеті көп ауыр жағдайда еш мойымастан қызмет еткен ардагер-мұнайшыларға үлкен алғысымды білдіргім келеді. Олар кездескен қиындықтарға қарамастан бар күш-жігерін жиып, әр кез тек алға жүрді. Жастарымыз осы ардақты мұнайшы мамандардың істерін ары қарай жалғастырса екен деймін. Өйткені бүгінгі жас мамандар - өлкеміздің қазынасын одан әрі молайтып, жинақталған тәжірибені келер ұрпаққа жеткізушілер. Зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге сәттілік тілеймін! Мереке құтты болсын!

Мұнайшыларды мерекемен құттықтаған облыс әкімі мұнайшы-ардагерлер мен бірқатар өндіріс озаттарын салтанатты түрде құрмет грамоталарымен марапаттады. Марапатталушылардың қатарында біздің де әріптестеріміз Кейікбаев Ақберді, Даутов Талғат, Бекмұханов Ақберген мырзалардың болғаны көкіректе мақтаныш сезімін ұялатты. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-нан марапат алған Күрделі жөндеу департаментінің өндірістік-техникалық бөлім басшысы Ақберді Кейікбаев еңбегінің еленіп, марапатқа сай деп танылғаны үшін облыс әкіміне алғысын білдірді:

- Құрметті Алик Серікұлы, қадірлі әріптестер! Алдымен баршаңызды Қазақстан Республикасының мұнай-газ кешені қызметкерлерінің төл мерекесімен құттықтауға рұхсат етіңіздер! Бүгін маған облыс әкімі Алик Серікұлының қолынан «Құрмет грамотасын» алу буйырып отыр екен, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ атынан еңбегім еленіп, үздіктердің қатарына іліккеніме өз басым шексіз қуаныштымын! Бұл тек менің ғана марапатым емес, қиын қызметте бірге жүрген құрыш білек мұнайшы әріптестерімнің де жемісті еңбектерінің нәтижесі деп білемін. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып тағы да маңғаз Маңғыстаудың жер байлығын игеріп, оны ел қажетіне жұмсауда ерен еңбек етіп жүрген барлық мұнайшы қауымды мерекемен құттықтаймын! Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, ашық аспан тілегім келеді! Мереке құтты болсын!

Құттықтаулар, күлкі үйірілген қуанышты жүздер, еске алулар, әндер, билер мен кештің маңызды да салтанатты бөлімі – өңірдегі мұнайгаз өндіру саласының мамандарын марапаттау, сала дамуына қосқан елеулі үлесі үшін төс белгілерін табыстау - мұнайшылар мерекесіне арналған кештің сәні болды. Марапат соңы республика мен облысқа танымал шығармашылық ұжым әртістерінің концертіне ұласты.

# Пекинге Маңғыстаудан жеті студент қосылды



Қазақстанның мұнай саласы үшін мамандар дайындау мақсатында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы тарапынан жыл сайын Пекин қаласындағы Қытай мұнай университетіне өңіріміздің түлектері оқуға жіберіледі. Бұл үрдіс 2010 жылдан бері жалғасуда. Бүгінде Қытайдағы мұнай университетінде облысымыздан отыз студент білім алуда.

Мұнайшылардың төл мерекесі қарсаңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ білім грантын алу жөніндегі шәкіртақылық бағдарламаның жүлдегерлерін, яғни аталмыш оқу орнының табалдырығын биыл аттайтын маңғыстаулық студенттерін құттықтауға арналған кездесу болды.

Кездесуді құттықтау сөзбен ашқан «Маңғыстаумұнайгаздың» Бас директоры Сунь Синъюнь Пекинге биыл аттанғалы тұрған жеті ұл-қызды білім додасындағы жеңісімен құттықтап, жастардың мол біліммен қаруланып, ел байлығын еселеу жолында еңбек етулеріне тілектестігін білдірді. Қытай мұнай университетінің 1-курс студенттері атанғалы тұрған жастар атынан Айдын Байжан мен Меруерт Бердіхани сөз сөйлеп, өздеріне осынау мүмкіндік жасаған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшыларына, жақсы білім мен тәрбие берген ұстаздары мен ата-аналарына деген алғыстарын айтты және бес жылдық оқудан кейін Маңғыстауға қайтып оралып, өлке мұнайы үшін еңбек ететіндеріне сендірді.

2011 жылы грант ұтып алып, аталмыш оқу орнында геология инженері мамандығы бойынша оқитын үшінші курс студенті Рүстем Жақсымбетов жастардың білім алып, толыққанды маман атануы үшін жасалып жатқан қамқорлыққа деген алғысын, Университеттегі жақсы жағдай туралы қытай тілінде жеткізді. Оның қытайша сөйлегеніне Сунь Синъюнның өзі ризашылығын жасыра алмай, «Сіз қытай тілінде жақсы сөйлеуіңізбен мені таң қалдырдыңыз», - деді. Және онымен қытайша сөйлесіп, ол жақтағы жай-жапсармен танысты.

Сондай-ақ, мұнай инженері мамандығы бойынша оқып жүрген Гүлшат Макежанова өз ойы мен «Маңғыстаумұнайгаз» басшыларына деген алғыс сезімін ағылшын тілінде айтты. Гүлшат университетке 2012 жылы түскен. Енді үш жылдан кейін осы мекемеде еңбек жолын бастайтын ниеті бар.

Студенттердің айтуынша, Қытай мұнай университетінде оқу өте қиын. Әсіресе, қытай тілін меңгеру үшін көп еңбектену керек. Бірінші курста қытай тілін үйреніп алған студенттер екінші жылдан бастап төрт жыл бойы бакалавриат, яғни, өз мамандықтарына оқиды. Маңғыстаудан биыл аттанатын жеті жасты да осындай қиын да қызықты сәттерге толы күндер күтіп тұр. Алған беттен қайтпай, білім жолында тер төге білсе, бұл да бір алынған асу болып, ертеңгі күні халық ризығын тасытатын білікті маман боп оралса деген тілектерді «Маңғыстаумұнайгаз» қызметкерлері де, ата-аналар да айтты.

# «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бастауыш партия ұйымында партия жиналысы өтті

Ағымдағы жылдың 20 тамызында «Нұр Отан» партиясы Ақтау қалалық филиалының ең ірі бастауыш партия ұйымы орналасқан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да партиялық жиналыс өткізілді. Жиналысқа Ақтау қалалық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Рахымжан Шалбаев, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директордың әлеуметтік және әкімшілік мәселелері жөніндегі орынбасары Жетібай Төлеғожаев және партия мүшелері қатысты.



Күн тәртібінде «Нұр Отан» партиясы Ақтау қалалық филиалының 2014 жылдың бірінші жартыжылдығында атқарылған жұмыстары туралы және «Нұр Отан» партиясының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Бағдарламасының жобасы талқыланды.

Жиналыс барысында сөз алған Ақтау қалалық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Рахымжан Шалбаев «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бастауыш партия ұйымының төрағасы Қартбай Аманжол Жөнекешұлын құрметті зейнет демалысына шығуына байланысты жемісті атқарған жұмысы үшін алғысын білдіріп, облыстық филиалдың Құрмет грамотасын тапсырды. Өз тарапынан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы Аманжол Қартбайға шапан жауып, лебіздерін білдірді.

Жиналыстың күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Рахымжан Шалбаев «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бастауыш партия ұйымы төрағасының орнына осы мекемеде 15 жылдан бері еңбек етіп келе жатырған, әлеуметтік мәселелер жөніндегі маман Иманқұлова Қымбат Тезекбайқызының кандидатурасын ұсынды. Жиналысқа қатысушы бастауыш партия ұйымының мүшелері бірауыздан қолдаған жиналыста «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бастауыш партия ұйымының төрайымы болып Иманқұлова Қымбат Тезекбайқызы тағайындалды.

# ӘР КӘСІП ӨЗІНШЕ БІР СЫРЛЫ ӘЛЕМ

**Үстіміздегі жылдың шілде мен тамыз айлары аралығында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» және «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармалары арасында «Үздік мамандық иесі» конкурсын ұйымдастырды. 2005 жылдан бастау алып, дәстүрге айналған шараға жұмысшылар белсене қатысты. Компаниядағы еңбек адамдарының мәртебесін өсіріп, әлеуметтік-бәсекелестікті дамытуға бағытталған конкурсының қорытындысы бойынша төмендегі азаматтар «Жүзден жүйрік» танылды:**



### Канатбаев Азамат Аманкосович

**Туылған жылы 11. 03. 1977 жыл.**

**«Қаламқасмұнайгаз» Өндірістік басқармасындағы №4 мұнай және газ өндіру цехының 4 дәрежелі мұнай және газ өндіру жөніндегі операторы**



Канатбаев Азамат Аманкосович еңбек жолын 1997 жылы 05 қыркүйектен бастап «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да «Қаламқасмұнайгаз» Өндірістік басқармасына қарасты №4 мұнай және газ өндіру цехында 2 дәрежелі мұнай және газ өндіру жөніндегі операторы болып бастады. Қазіргі уақытта 2002 жылдың 05 ақпан айынан бастап осы цехта 4 дәрежелі мұнай және газ өндіру жөніндегі операторы болып жұмыс жасауда.

А. А. Канатбаев білікті, өз мамандығын жетек меңгерген маман. Жоғары маман иесі ретінде, өз білімін жас операторлармен бөлісіп, жұмысшылардың арасында зор ықыласқа бөленген. Ұжымда сыйлы, іскер, әріптестерінің арасында беделді, үлгілілігімен ерекшеленеді. Отбасылы, 3 бала тәрбиелеп отыр.

«Үздік мұнай және газ өндіру операторы» бәсекесінде жеңімпаз атанды.

### Таңжарықов Ісенбай Таяубайұлы

**«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасындағы пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехының 5-ші дәрежелі слесарь-жөндеушісі.**



Таңжарықов Ісенбай Таяубайұлы 1966 жылы 21 шілде күні Қарақалпақстанда дүниеге келген, қазақ, білімі орта. Еңбек жолын 1989 жылы 26 шілдеде «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында бастады. Мол тәжірибелі ол өзін білікті маман ретінде көрсетіп, цехтың жоғары өндірістік көрсеткішке жетуіне ықпал ете білді. Тәртіптілігінің, адал ниеттілігінің арқасында ұжымында сыйқұрметке ие болған жан. Үлгілі отағасы, алты бала тәрбиелеп отыр.

«Үздік слесарь-жөндеуші» бәсекесінде жеңімпаз атанды.

### Тұржанов Сапарқұл



Тұржанов Сапарқұл 1967 жылы 01 қыркүйек күні Түркменістанның Красноводск қаласында дүниеге келген. 1982-1985 жылдары училищеде оқыды. Еңбек жолын 1982 жылы электргазбен дәнекерлеуші болып бастады, ал «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік департаменті бас механигінің орталық өндірістік қамту базасына қарасты жөндеумеханикалық цехында 2000 жылдың 15 тамызынан бері жұмыс жасайды. 2004 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бойынша өткізілген «Үздік электргазбен дәнекерлеуші» бәсекесінде бірінші орын алған болатын. Биылғы жылы да дәл осындай бәсекеде жолы болып топ жарды.

Тұржанов Сапарқұл өзінің кәсіби міндеттеріне аса жауапкершілікпен қарайды, техника қауіпсіздігі мен еңбек қорғау ережелерін қатаң сақтайды, әріптестері арасында әдептілік танытады, ұжымда сыйлы жан. Үйленген, 2 баланың әкесі.

«Үздік электргазбен дәнекерлеуші» бәсекесінде жеңімпаз атанды.

### Балғабаев Ислам Жаумитбаевич

**Туылған жылы: 05. 03. 1976 жыл**

**«Жетібаймұнайгаз» Өндірістік басқармасындағы №2 мұнай және газ өндіру цехының 5 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы.**



Балғабаев Ислам Жаумитбаевич «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ғы еңбек жолын 1995 жылдың 15 мамырынан «Жетібаймұнайгаз» Өндірістік басқармасының №2 мұнай және газ өндіру цехының 3 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы ретінде бастады. Осы цехта жүріп 2000 жылдың 15 ақпаны 4 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы, 2003 жылдың 15 қарашасынан бастап 5 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы болып, осы күнге дейін осы цехта өз міндетерін атқарып келеді.

Жұмыста білікті де білімді, өз білгенін өзге жастарға үйретуден шаршамайтын маман иесі. Ұжымдастарының арасында үлкен беделге ие. Өзіне берілген тапсырмаларды бұлжытпай орындап, тиянақты тапсырады. Ұзақ жылғы еңбек өтілімі барысында үздік маман екенін теориялық, тәжірибелік тұрғыдан да дәлелдеп келеді. Әрқашан тапсырманы тиянақты, ұқыпты орындап, үлкенге ізет, кішіге көмек көрсетуді ұмытпаған жұмысшы. Отбасында ардақты жар және төрт бала тәрбиелеп отырған өнегелі әке.

«Үздік мұнай және газ өндіру операторы» бәсекесінде 2-ші орынға ие болды

### Жубанов Узакбай Акбуркитович

**Туылған жылы: 09.01.1987 жыл**

**«Жетібаймұнайгаз» Өндірістік басқармасындағы №3 мұнай және газ өндіру цехының 4 дәрежелі жөндеушіслесарі.**



Жубанов Узакбай Акбуркитович өз еңбек жолын 2008 жылдың 07 наурызынан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» Өндірістік басқармасының мұнаймен ластанған топырақты жинау және тазалау участкісінің 1 дәрежелі мұнай тазалаушысы ретінде бастады. 2010 жылдың 24 қыркүйегінен бастап осы басқарманың №3 мұнай және газ өндіру цехының 3 дәрежелі жөндеушіслесарі ретінде ауысып, 2014 жылдың 14 ақпанында 4 дәрежелі жөндеуші-слесарі болды.

Жубанов Узакбай Акбуркитович аз уақыт ішінде өзіне тән адалдық, шыншылдық, ұқыптылық сынды белгілерімен ерекшеленді. Жас та болса, алғырлығымен, тапқырлығымен көзге түсіп, ұжымдастарын баурап алды. Ұжымдастары арасында көңілді, әрқашан қол ұшын беруге дайын жас маман. Жұмыста әрдайым үйренуге деген құлшынысы жоғары. Тапсырылған тапсырманы екі етпей, тыңғылықты орындайды. Отбасында жұбайы және екі баласы бар.

«Үздік слесарь-жөндеуші» бәсекесінде 2-ші орынға ие болды.

### Мамбетжанов Талгат Октамбекович

**«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасындағы пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехының 5-ші дәрежелі электргазбен дәнекерлеушісі.**



Мамбетжанов Талгат Октамбекович 1972 жылы 02 қараша күні Маңғыстау облысында дүниеге келген, қазақ, білімі арнаулы орта. Еңбек жолын 1993 жылы 23 қыркүйекте «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында бастады. Өткен жылдардағы жұмыс барысында өзін тек жақсы жағынан көрсете білді, ол сауатты, білікті, адал ниетті маман. Өзінің еңбек міндеттеріне аса жауапкершілікпен байсалды қарайды. Ұдайы білімін шыңдайды. Ол жас мамандардың ұстазы, өзінің мол тәжірибесін жастарға жалықпай үйретуде. Ұжымның қоғамдық жұмысына белсене ат салысады. Өз ортасында беделді жан. Үлгілі отағасы, үш баланың әкесі.

«Үздік электргазбен дәнекерлеуші» бәсекесінде 2-ші орынға ие болды.

### Сатыбалдиев Аскар Тлегенович

**Туылған жылы: 17. 09. 1978 жыл.**

**«Қаламқасмұнайгаз» Өндірістік басқармасындағы №4 мұнай және газ өндіру цехының 5 дәрежелі мұнай және газ өндіру жөніндегі операторы.**



Сатыбалдиев Аскар Тлегенович еңбек жолын «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 1996 жылы 05 қараша күні «Қаламқасмұнайгаз» Өндірістік басқармасына қарасты №4 мұнай және газ өндіру цехында 3 дәрежелі мұнай және газ өндіру жөніндегі операторы болып бастады. 2004 жылдың 26 тамызы күні осы цехта 4 дәрежелі мұнай және газ өндіру жөніндегі операторы болып ауыстырылды және қазіргі уақытта 2014 жылдың 24 қаңтар күнінен бастап осы цехта 5 дәрежелі мұнай және газ өндіру жөніндегі оператор болып жұмыс жасауда.

А. Т. Сатыбалдиев білікті, өз мамандығын жетек меңгерген маман. Жоғары маман иесі ретінде, өз білімін жас операторлармен бөлісіп, жұмысшылардың арасында зор ықыласқа бөленген. Ұжымда сыйлы, іскер, әріптестерінің арасында беделді, үлгілі. Отбасылы, 2 бала тәрбиелеп отыр.

«Үздік мұнай және газ өндіру операторы» бәсекесінде 3-ші орынға ие болды.

### Бигожаев Нурлан Онбосынович

**Туылған жылы: 19. 09. 1982 жыл.**

**«Қаламқасмұнайгаз» Өндірістік басқармасындағы №3 мұнай және газ өндіру цехының 4 дәрежелі жөндеушіслесарі.**



Бигожаев Нурлан Онбосынович еңбек жолын «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да 2006 жылы 01 желтоқсан күні «Қаламқасмұнайгаз» Өндірістік басқармасына қарасты №3 мұнай және газ өндіру цехында 3 дәрежелі жөндеуші-слесарь болып бастады. Қазіргі уақытта 2012 жылдың 05 ақпан айынан бастап, осы цехта 4 дәрежелі жөндеушіслесарь болып жұмыс жасайды.

Н. О. Бигожаев білікті, өз мамандығын жетік меңгерген маман. Жоғары маман иесі ретінде, өз білімін жас операторлармен бөлісіп, жұмысшылардың арасында зор ықыласқа бөленген. Ұжымда сыйлы, іскер, әріптестерінің арасында беделді, үлгілі. Отбасылы, 2 бала тәрбиелеп отыр.

«Үздік слесарь-жөндеуші» бәсекесінде 3-ші орынға ие болды.

### Оңаев Абай Аманқосович



Оңаев Абай Аманқосович 1974 жылы 01 шілде күні Жетібай елді мекенінде туған. 1989-1992 жылдары №2 орта кәсіптіктехникалық училищесінде оқыды. Еңбек жолын 1993 жылы электргазбен дәнекерлеуші болып бастады, ал «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік департаменті бас механигінің орталық өндірістік қамту базасына қарасты жөндеумеханикалық цехында 1997 жылдың 11 қыркүйегінен бері жұмыс жасайды.

2014 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жұмысшылары арасында өткізілген «Үздік электргазбен дәнекерлеуші» бәсекесінде үшінші орынды иемденді. Өзінің кәсіби міндеттеріне аса жауапкершілікпен, адал ниетпен қарайды, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ және «Жетібаймұнайгаз» ӨБ өтінімдері бойынша өнім шығару жұмысына өзіндік үлесін қосуда. Үйленген, 5 бала тәрбиелеп отыр.

«Үздік электргазбен дәнекерлеуші» бәсекесінде үшінші орынға ие болды.

# ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН «ММГ»

**(«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ әкімшілігі «тілсіз жау» өрт салдарынан қаза тапқан Қ.Қилыбаевтың отбасына жаңа жиһазды жаңа үй тұрғызып берді)**

*- «Маңғыстаумұнайгаз» мұнайшылары ынтымағы жарасқан ұйым екен ғой.*
*- Иә, бұл соның айқын дәлелі...*
*(Тұрғындар ауызынан)*

## АТАМЕКЕНДЕГІ ҚАЙҒЫЛЫ ОҚИҒА



Атамекен селолық округінің Қаламқас тұрғын үй массивінде тұратын Қилыбаевтардың отбасын бақытсыздық торы бұлайша торлар деп кім ойлаған?! «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасының электр дәнекерлеушісі Қуаныш Қилыбаевтың вахтадан оралғаны алдында ғана еді. «Өз үйі өлең төсегінің» аурасы мүлдем бөлек емес пе?

Отбасындағы шешесімен, жарымен, балаларымен, сағынып қалған немерелерімен қауышып, мәре-сәре болып тәтті ұйқы құшағына кеткен еді. Түннің қай мезгілі екені белгісіз, сірә таңға жақын болар Қуаныштың зайыбы Үзіл оянып кетті. Дем ала алмай қысылып жатыр екен. Үйдің ішін түтін басып кетіпті. Бірден не болып жатқанын түсінбесе де, орнынан атып тұрып: «Ойбай, өрт! Тез тұрыңдар!» деп айқай салып, отбасы мүшелерінің бәрін оятып үлгерді. Ұйқы құшағындағы балаларды сыртқа сүйреп жүріп, Қуаныштың бөлмесінің есігі жабулы



екенін көрген балалары Бекежан мен Бауыржан тез ұмтылып, есікті ашып қалғанда әкесі алаңсыз ұйқы құшағында еді. Өрт осы бөлмедегі кондиционерден, әлсіз тоқтың қызып, тұйықталуынан шығыпты. Сол бойда жанып жатқан бөлме төбесі ортаға ұйқыдағы Қуаныштың үстіне құлап түсті. Қытайда жасалған жапсырма құрылыс материалдары отқа тез жанып кетеді екен. Балалары ұмтылып, отпен алысып жүріп сыртқа алып шыққанша әке қомақты күйік алып қалған еді. Қуаныш өрт шығатын залда таңғы намазын оқып, жатын бөлмесіне бармай, сол жерге жата кеткен екен. Кондиционердегі сұйықтық отқа қызғанда исінен уланып қалса керек.

Сол бойда «жедел жәрдем» шақырылып, облыстық ауруханаға әкетіліп, оның жансақтау бөліміне жатқызылды. Ажалға ақ халатты абзал жандар да араша түсе алмай, кешке жақын Қуаныш көз жұмады. Ал үйдің тамтұғы қалмай, бар болғаны 15-20 минутта ішіндегі жиһаздарымен түгел өртеніп кетті де, отбасы мүшелері далада қалғандай еді... бұл осы жылдың 16 маусымы болатын.

*Қилыбаев Қуаныш Назарбайұлы 1962 жылы Өзбекстанда дүниеге келген еді. 1986 жылы Қарақалпақстан, Жизақ облысы Мырзашөл ауданындағы №2 селолық кәсіптік-техникалық училищесін 3 разрядты электр және газбен дәнекерлеуші мамандығы бойынша бітірген-ді. Қуаныш Маңғыстауға 1994 жылы Жетісайдан көшіп келген еді. Ол 1998 жылдан «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасындағы пайдалану қондырғыларын прокаттау-жөндеу цехында 5 разрядты электр және газбен дәнекерлеуші болып жұмыс істейтін. Жұмыста тындырымды, ұжымында беделді, өз мамандығының шебері болатын. Бақандай жиырма жыл бойы бір орында қозғалмастан жұмыс істеген, оған кенорнының қыр-сыры бес саусағындай белгілі болатын.*

## МҰНАЙШЫЛАР ҰЙҒАРЫМЫ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басқармасы, яғни, Бас директоры Сунь Синъюнь мен Бас директордың бірінші орынбасары Бақыт Иманбаев қиын жағдайда қалған отбасына бірден әкелік қамқорлық көрсетіп, жедел көмек қолын созды. Азаматты арулап жерге берді, барлық кәделеріне материалдық көмек көрсетілді. Бірақ басты мәселе – отбасы мүшелерінің жаздың аптап ыстығында баспанасыз ашық аспан астында қалғаны еді. Осы кезде «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының Басқармасы игілікті шешімді тез қабылдап, жұмысшының үйін өз орнында қайтадан қалпына келтіріп, асарлатып жаңадан үй салып беруге уәде беріп, оған мұнайшыларды жұмылдырды. Компаниядағы алты мың қызметкердің қанша жәрдем көрсеткісі келеді, өз еркі болды.

Компанияның әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаменті инженері Мұрат Батыршаев былай деді: - «Мұнайшылар тез арада өз есептерінен тоғыз миллион теңге қаржы жинады, оған үй тұрғызуға қажетті құрылыс материалдарын сатып алдық. Одан кейін қажет үй жиһаздарын түгелдей алып бердік. Үй екі залдан, үш жатын бөлмеден, холлдан, кухнядан, әжетхана мен ваннадан тұрады».

Ал компанияның күрделі құрылыс департаменті цех прорабы Нұржамал Тілеуқабылованың айтуынша цехтың №1 бригадасының 15 адамы, Қаламқастан 5 адам, Жетібайдан 5 адам тұрақты жұмыс жасап, үйді қысқа мерзімде бітіріп, мұнайшылар күні отбасын үйге кіргіземіз деген Акционерлік қоғам басшыларына берген уәделерін орындаған.



## ОТБАСЫ МҰНАЙШЫЛАР КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ЖАҢА ҮЙГЕ КІРДІ

4 қыркүйек Қилыбаевтар отбасы үшін есте қалатын қуанышты күн болды. Компанияның бас директорының бірінші орынбасары Бақыт Иманбаев, әлеуметтік және әкімшілік мәселелері жөніндегі орынбасары Жетібай Төлеғожаев, басқарма кеңесшісі Сақып Керелбаев, департамент директоры Нұрлан Илмұханбетов, т.б. Қилыбаевтың отбасына келіп, оларды жаңа қонысымен құттықтады.

- Қуаныш ұзақ жылдан бері Қаламқас кенорнында тапжылмай жұмыс істеп келе жатқан жұмысшымыз еді, ісіне тындырымды болатын, жазмыштан озмыш жоқ қой, қабырғамыз қайысты, қысылғанға қол ұшын беру азаматтық парызымыз ғой. Жаңа мекендерің құтты болсын, енді бұл үйдің шаңырағын қайғы бұлты торламасын. Баласынан айрылған анаға да, жұбайынан айрылған жарға да, әкесінен айрылған балаға да оңай емес, төрлеріңде енді той болсын- деді өз сөзінде Бақыт Алтайұлы.

-Құлап қалып едік, тұрғыздыңыз, жылап қалып едік, жұбаттыңыз, Бақыт балам! Ұйымшыл екенсіздер, мен өзім Шымкент облысының Жетісайында тұратын едім, немерем келін алып, енді құдаларымды шақыруға дайындалып, соған келіп жатқан жайым бар еді, осындай қайғылы жағдайға тап болдық. Жақсы істеріңізбен оны ұмыттырдыңыздар, Алланың ісіне көнеміз ғой, он үш бала тәрбиелеген анамын, аналық ақ жүректен шыққан алғысымды қабыл ал, «Маңғыстаумұнайгазға» нұр жауысын! - деді 74 жастағы Зейнеп ана көзіне іркілген жасты жаулығының ұшымен сүртіп. Мұндай шын көңілден шыққан жүрекжарды алғыстарын марқұмның жары Үзіл де, балалары Бекежан да, Бауыржан да айтып жатты.

## ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУГЕ ҮЛЕС

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы биылғы Жеңіс күні қарсаңында аймақтағы 77 Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлеріне 90 АЕК (166 608 теңге) көлемінде бір жолғы материалдық көмек көрсетсе, Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында облыстық балалар үйіне бір миллион, ал облыстық мамандандырылған балалар үйіне 500 мың теңге көлемінде көмек берді.

Мұнайшылар Маңғыстау ауданындағы Түщықұдық пен Шебір ауылдарына жаңа спорт кешендерін салып берген. Компания бюджетінен Шебірдегі құрылысқа 98 млн., Түщықұдықтағы кешенге 7 млн. 200 мың теңге қаржы бөлген. Түщықұдыққа басқа мекемелер мен жеке кәсіпкерлер де атсалысқан еді. Жалпы пайдалануға берілген нысандардың аумағы 540 шаршы метр болады.

Жетібай селосында су тапшылығы жиі әңгіме болатын. Осы жылдың маусым айында «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы су тазалайтын станцияға қосымша су тазалайтын үш қондырғыны өз күштерімен қондырып берді. Стансциядағы су жинағыш көлемді ұлғайту үшін компания бюджетінен 5000 текше метрлік резервуардың жұмысы басталып кетті.

Бір сөзбен айтқанда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Маңғыстау облысының өркендеуіне үнемі өз үлесін қосып отырады.

**Айтуар Өтегенов,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

# Мұнайшылардың аялы алақаны




Халқымыздың бағзы замандардан келе жатқан игі дәстүрі бар. Шыр етіп, дүниеге келгеннен бойына ұлтымыздың сахилық пен мырзалық, қайырымдылық пен имандылық, қамқорлық пен демеушілік сияқты асыл қасиеттерін сіңіріп өскен қандастарымыз қай уақытта да мұжәлсіз жанға, жетім мен жесірге, басына іс түскен ағайын-туысқа, тіпті қоныс аударып келген басқа жұртқа да қолдан келген көмегі мен жақсылығын аяған емес. Сондықтан да жабыққан мен тарыққанға ақ пейілімен жәрдем жасайтын жұртымыз «Жетім көрсең, жебей жүр», «Жақсылық қылсаң, бүтін қыл» деп, ағынан жарылып, қолындағы барымен бөлісіп жатады. Қазағымның дариядай дархан көңілімен, еш қылаусыз ақ жүрегімен ұсынған көмегі қабағы кіреуке жандардың мұң-мұқтажын шешіп, олардың жүзі жаймашуақ жаздың күніндей жадырап сала береді.

Ел-жұртымыздың осы бір бағалы да құнды ақжарма дәстүрін Наурыз мейрамында жарты ғасырлық торқалы тойын дүбірлетіп атап өткен «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының мұнайшылары жарқырата жалғастыруда.

- «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы мен оған қарасты - «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының басшылары, қызметкерлері еңбекшілердің мұң-мұқтаждарына үлкен жауапкершілікпен қарайды. Біз халық үшін әлеуметтік нысандар салып берумен қатар мұнайшыларға, тіпті жергілікті тұрғындарға да тұрақты қамқорлық-көмек жасап отырамыз. Бүгінгі таңда «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының тұрғын үй пайдалану цехының жүктеушісі Қанат Алагөзовтың Расул деген екінші ұлын Ресейдің Санкт-Петербург қаласында емдету үшін «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы тарапынан 50 мың теңге бөлініп отыр, оның үстіне әріптесінің баласы үшін жанашырлық танытқан «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының мұнайшылары 600 мың теңге жинап беріп, елдік пен ерлік, азаматтық танытты. Бұл - біздің ынтымағы жарасқан ұжым екендігіміздің жарқын айғағы. Алдағы уақытта да, қандай істе болсын, ынтымағымыз бен бірлігіміз, ауызбіршілігіміз бен татулығымыз нығая берсін!

Ер-азаматтар қиын-қыстау кезеңде танылады. Сіздер қиын жағдайда әріптестеріңізге қол ұшын беріп, азаматтық көрсеттіңіздер. Бұл үшін көп рахмет! Сіздердің шапағат-шарапаттарыңызбен, дәрігерлердің дәру қолдарымен бүгін көмек алып отырған баламыз құлан-таза жазылып кетсін!-деді «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы басшысының бірінші орынбасары Бағзат Сансызбаев қайырымдылық шарасында.



Бұдан кейін сырқат сәбидің атасы Амангелді Алагөзов сөз сөйлеп, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы мен «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының басшыларына, қол ұшын берген кәсіпорын мұнайшыларына жүрекжарды алғысын білдірді.

- Ауру баланың әкесі көмек сұрап, өтініш бергеннен кейін өндірістік жиналыста маңызды мәселенің бірі етіп қарап, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік әкімшілігі мен кәсіподақ комитетінің атынан барлық цех басшыларына үндеу-хат тасталды. Айналайын, қазағым, бауырмал, кең пейіл емес пе, бірден үн қосып, ота жасауға қажетті қаражатты жиырмашақты күннің ішінде жинап берді, - деп, ризашылығын жасыра алмай отыр кәсіпорынның әлеуметтік сала жөніндегі топ жетекшісі Хамидолла Жакупов.

Ия, еңселі ел елдігін танытты, қалың мұнайшы қайырымдылығын көрсетті. Бірақ сол жерде айтылған жас нәресте анасының сөзі естен кетер емес.

- Мен жас та болса, анамын. Дүниеде ананың алғысынан артық ештеңе жоқ. «Маңғыстаумұнайгаз» бен «Жетібаймұнайгаз» басшыларына, қол ұшын берген мұнайшыларға аналық алғысымды білдіремін. Сіздерге Алланың нұры мен шуағы жаусын! - деді қуаныштан көздері жасқа толып кеткен жас сәбидің анасы Жаңылсын Құттымұратова.

# Мұнайшы жастар Жаңаөзенде басқосты



Тамыз айының 21 мен 24-і аралығында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесінің мүшелері Ходжаев Бауыржан Хабидуллаұлы, Абдыров Шыңғыс Амангелдіұлы және Ақмарал Мусимкуловалар «Өзенмұнайгаз» АҚ 50 жылдығы мен оған қарасты жас мамандар кеңесінің 1 жылдығына орай ұйымдастырылған «Қазмұнайгаз» БӨ АҚ ұжымдары арасындағы жас мамандар кеңестерінің тәжірибе алмасуы мен қарым қатынасын нығайту» атты Форумға қатысып қайтты. Қазақстан бойынша, жалпы жақын шет елдердегі жас мұнайшылардың кәсіби-ғылыми біліктілігін дамыту мен қарым-қатынасын нығайтуды мақсат тұтқан Форум жұмысына "ӨзенМұнайГаз" АҚ Бас директоры Мақсат Оңғарбайұлы Ибағаров, Жаңаөзен қаласы маслихатының хатшысы Сақи Мыңбаев, Жаңаөзен қалалық әкімінің орынбасары Сағынбаев Исақан, Жаңаөзен қалалық «НұрОтан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Байжанов Ғалым, Маңғыстау облыстық жастар саясаты бөлімінің басшысы Бауыржан Тұяқов, "ӨзенМұнайГаз" АҚ Бас директорының кадр және жалпы сұрақтары жөніндегі орынбасары Бауыржан Мәмбетсапаев және де «Өзенмұнайгаз» АҚ қарасты 16 құрылымдық мекемелер директорлары, Ресейлік "ТатНефть" мұнай компаниясы және т.б. қатысты. Форумға қатысушы қонақтар мерекеге орай құттықтау тілектерін айтса, басшылық Жас мамандар кеңесінің жұмыстарына зор үлесін қосқаны үшін 3 жылда бір берілетін арнайы төс белгімен жас мамандарды марапаттады. Құттықтауларын жеткізгендер қатарында "ҚазГерМұнай" компаниясының төрағасы Абжанов Нариман мырза да болды. Ол "ӨзенМұнайГаз" АҚ Жас мамандар кеңесіне арнайы сыйлығын табыс етті! Форум жұмысы өндірістегі экспедициямен жалғасты. Қонақтар №3 МГӨБ шынжырлы қондырғы мен таяуда іргесін көтерген жер асты жабдықтарын жөндеу және диагностикалау, арнайы тұншықтыру сұйықтығын дайындау цехтарының жұмысымен таныстырылып, атақты мұнайшы Нәсіпқали Марабаевтың құрметіне тұрғызылған Бұрғышылар аллеясына барды. Баяндама оқылып, гүл шоқтары қойылды. Кешкісін «Ақсарай» мейрамханасының конференция залында жастармен еркін кездесу өтті. Ертесіне қатысушылар Жаңаөзен қаласынан "Кендірлі" демалыс аймағына аттанды. "Кендірлі" демалыс аймағында Алматылық тренер Аслан Байзахановтың "Топты құру және топпен жұмыс жасау" бағытындағы тренинг-тимбилдингі өтті. Оған жас мамандар белсене қатысып, бір-бірімен тәжірибе алмасты. Форум жұмысы Жаңаөзен қаласындағы "Дастан" мейрамханасында салтанатты жабылды. Оған арнайы эстрада әншілері мен елімізге танымал бір топ жұлдыздар шақырылып, қатысушылардың көңілін бір марқайтып тастады. Атап айтсақ: "Арнау" тобы, Марат Достаев, Маңғыстаулық «Жайдарман» тобы, жерлесіміз Аманкелді ЖАҚАУ т.б. Екі күнге созылған Форум жоғарғы деңгейде өтіп, қонақтар дән риза тарқасты!

# Жазғы лагерь – балалар қуанышы

**Майлы қиян – қазыналы жартыаралымызда жер қойнауынан қара маржан дариясын ағызып жатқан «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының балаларға жасап отырған қамқорлығы аз емес. Үстіміздегі жылы Наурыз мерекесінің қарсаңында жарты ғасырлық торқалы тойын дүбірлетіп атап өткен мұнайшылардың жас құрақтай желкілдеп өсіп келе жатқан жеткіншектердің жазғы демалысын мазмұнды да тартымды ұйымдастыруға қосып отырған үлесі айтарлықтай. Әсіресе, компанияның мүжәлсіз отбасылардың балаларына жасап отырған көмек-жәрдемі шексіз.**



- «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін өз қызметінің басым бағыттарының бірі ретінде қарайды. Компанияның әлеуметтік саясатының маңызды саласының бірі – балалардың жазғы демалысы. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайту, олардың тиімді демалысын және бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруға бағытталған шаралар кешенді түрде қолға алынған. Биыл «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы балалардың демалыс лагерьлеріне жолдамалардың қымбаттағанына қарамастан Қазақстан мен жақын шетелдерде 1 444 баланың тынығуын ұйымдастырды. Сондай-ақ Каспий теңізінің жағасындағы «Алау» балалар лагеріне төрт ауысыммен 7 мен 13 жас аралығындағы 960 бала демалуға келсе, олардың 78-і – мүжәлсіз отбасының балалары. Биыл Қарақия ауданы әкімдігімен келісімге сәйкес аз қамтылған отбасылары үшін арнаулы жолдама бөлінген болатын. Бұл біздің компаниямыздың жергілікті халықтың әлеуметтік мәселелерінің оң шешілуіне жауапкершілікпен қарайтындығын көрсетеді,-деді «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының әлеуметтік мәселелері жөніндегі бөлімінің басшысы Майра Ғұмарова.

Үстіміздегі жылы Каспий теңізінің жағалауындағы «Алау» лагерінен басқа жерлерде де мұнайшылар балаларының демалыстары жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Мұнай компаниясының қаржысымен Алматы қаласының төңірегінде орналасқан «Жұлдыз» балалар лагерінде 100 бала тынығып, жазғы каникулдарын қызықты өткізіп қайтты. Азиада ойындарына орай салынған шаңғы, биатлон кешені Елбасының тапсырмасына сәйкес жазғы кезеңде балаларға есігін айқара ашқан болатын. Талғардағы тау бөктеріндегі бұл лагерде балалардың шығармашылығын шыңдау, спорттық шараларға кеңінен тарту бағытында сан алуан шаралар ұйымдастырылғанын балалар зор әсермен әңгімелейді. Қостанай қаласының «Мерей» лагерінде де 84 бала демалып, табиғат аясында бос уақыттарын көңілді өткізді.

Балалардың жақын шетелдерде өткізген демалыстары да тартымды болды. Мұнайшылардың 200 баласы Ресейдің Қара теңіз жағалауындағы «Медвежонок» және «Криница» балалар сауықтыру орталықтарында тынығып, денсаулықтарын нығайтып қайтты. Мұнда балалар экскурсияға шығып, музейлер мен балалардың демалыс парктерін аралады, зоопаркте болды. Дельфинарийде дельфиндердің ойындарын тамашалап, теплоходтармен теңіз серуендерін жасады.

Грузияның «Саирме» курортына барған 100 баланың демалысы да олардан кем болған жоқ. Балалар сауықтыру лагерінде 11 күн тынығып, жақсы емделіп қайтты. Олар дәрігерлердің бақылауы бойынша минеральды сулар ішіп, күніне үш рет бассейнге түсіп шынықты. «Сатаплиа» қорығына серуенге шығып, Юра кезеңі паркіндегі динозаврлардың іздерін көрді және сталактиттері мен сталагмиттері мол «Прометей» үңгірін тамашалады (бұл үңгірде болу созылмалы өкпе ауруларында көп көмектеседі). Сондай-ақ, олар «Цицинателла» ойын-сауық паркінде болып, американдық «Диснейлендке» ұқсас өте ірі грузиндік «Луна-паркте» үлкен қызыққа кенелді. Кабулети қаласының жанындағы Қара теңіз жағалауына серуен жасап, сейіл құрды. Саирме курорты бойынша экскурсияға шығып, Багдади қаласында В.Маяковскийдің музей-үйін аралады.

Сонымен қатар, балалар таңғы таза ауада күн сайын ертеңгілік аэробикаға қатысып, грузин ұлттық билері үйірмелерінің билерін үйренді, өздерінің кішкене грузиндік достарының өнерін тамашалады. Күндіз олардың арасында мини-футбол өткізіліп, кешкілік көркем фильмдер көрді.

Жалпы алғанда, балалар лагерьлерінде жеткіншектердің жақсы тынығуы мен бос уақыттарын көңілді өткізуі үшін барлық жағдайлар жасалды. Олар демалыс лагерьлерінде тынығып-емделіп қана қойған жоқ, сонымен бірге үлкен тәлім-тәрбие алып, жан дүниелері рухани байи түсті. Бос уақыттарын мазмұнды да мәнді өткізіп, елі мен жерін, Отанын сүюге үйренді. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятып, эстетикалық талғамын қалыптастыру үшін табиғи, тарихи және мәдени орындарға экскурсиялар жасалды. Күн сайын жалпы лагерьлік мәдени-көпшілік шаралар өткізіліп, дискотекалар, костерлер, спорттық және әскери-патриоттық эстафеталар, конкурстық бағдарламалар, концерттер, театрландырылған қойылымдар ұйымдастырылды. Балалар үшін дойбы-шахмат, қолданбалы өнер, бейнелеу өнері, үстел теннисі, компьютерлік кабинет, тир бөлмелері ашылып, футбол, пионербол, жеңіл атлетика, көпсайыс, кедергілер белдеуі секциялары жұмыс істеді. Сондықтан да жазғы каникул балалар үшін қызықты өтті.

- Компаниямыздың арқасында балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру жылдан-жылға жақсарып келеді. Биыл компания қызметкерлері мен мүжәлсіз отбасылардың балалары үшін ұйымдастырылған балалар лагерьлері – осының жарқын айғағы. Жақсы ісіміз алдағы уақытта да жалғасын табатын болады. Алдағы жылы балалар демалыстарын еліміздің аумағындағы сауықтыру-демалыс лагерьлерінде көбірек ұйымдастырамыз,-деді Майра Смайлқызы.

Балаларға, оның ішінде мүжәлсіз отбасыларындағы балаларға қамқор болып отырған Компанияның жылдағы бұл үрдісі жарасымды жалғасын таба бергей!

# Курсы повышения квалификации в Мангистаумунайгаз



**Д.т.н., проф. А.Б. Золотухин**
РГУ нефти и газа им. И.М. Губкина

... Первый раз я волею судеб оказался в Актау (тогда - Шевченко) в далёком теперь 1967 году, приехав на практику из Губкинского университета вместе с моим университетским приятелем, а теперь и приятелем и коллегой по жизни Женей (Евгением Кипониевичем) Огаем. Это была летняя практика после третьего курса, Женины родители жили в Шевченко, и мы решили поехать туда, благо была такая возможность.

... Тогда Шевченко был небольшим городком и только строился, по большей части, силами заключённых, и больше походил на рабочий посёлок, в котором все подчинено одной цели - добыче нефти.

Сегодняшний Актау - крупный промышленный центр, красивый и цветущий город с большим количеством прекрасных жилых и административных зданий, гостиниц и современным университетом. Установившая прекрасная погода только способствовала усилению прекрасных впечатлений. Проезжая по городу в этом мой, надеюсь, не последний визит в июле 2014 года, я наслаждался каждым поворотом улиц, открывавшим все новые перспективы, парки, зелёные кварталы, здания с оригинальной архитектурой, сохраняющей национальный колорит, стараюсь узнать и не узнавая бывший Шевченко после почти полувековой разлуки...

... Наш двухдневный семинар по методам увеличения нефтеотдачи и интенсификации добычи нефти и перспективам их использования в Республике Казахстан был запланирован на 3-4 июля, а местом его проведения была выбрана роскошная пятизвёздочная гостиница Каспийская Ривьера, расположившаяся прямо на берегу Каспия.

Современные интерьеры, роскошная столовая, оформленная в виде ротонды, где проходили ланчи для слушателей курсов, и прекрасная лекционная комната с очень хорошо организованной логистикой обеспечения слушателей всем необходимым - все это говорило о серьёзности намерений организатора курсов - объединения Мангистаумунайгаз, или кратко, ММГ.

Еще большее впечатление произвели на меня слушатели курсов. Все 15 человек представляли собой высококвалифицированный инженерно-технический персонал ММГ, профессионалы гильдии инженеров нефтегазовой промышленности, которыми Казахстан может по праву гордиться. Однако для меня, как лектора, эти люди представляли определённую опасность! Одно дело читать лекции для студентов, которые пока ничего или почти ничего не знают и верят всему (или почти всему), что рассказывается на лекции. Совершенно другое дело - представители промышленности, люди с большим практическим опытом, которые намного лучше представляют себе все сложности профессии нефтяника и те проблемы, с которым сталкивается промышленность и о которых они знают лично, а не понаслышке, как некоторые из лекторов. Эти люди пришли на курсы для того, что получить конкретные ответы на их конкретные вопросы, и это и было главной опасностью!

Необходимо сказать несколько слов о том, насколько важен для нефтяной промышленности Казахстана вопрос повышения нефтеотдачи.

Остаточные извлекаемые запасы высоковязких и тяжелых нефтей по Республике Казахстан составляет порядка 340 миллионов тонн (млн. т.). Основные запасы высоковязкой и тяжелой нефти относятся к таким месторождениям, как Каражанбас, Кенкияк, Жетыбай, Северные Бузачи, Кенбай и некоторые другие.

Наиболее крупными месторождениями высоковязкой нефти Республики Казахстан являются Каражанбас и Кенкияк с запасами 230 и 72 млн. т., соответственно.

Применение обычных технологий заводнения для добычи высоковязких нефтей не может обеспечить высокой эффективности выработки таких запасов нефти. Как правило, на залежах высоковязких нефтей дебиты скважин весьма малы, и значения коэффициентов нефтеизвлечения редко превышающие 10% от начальных геологических запасов нефти на естественном режиме разработки.

Учитывая высокий ресурсный потенциал подобных месторождений, необходима разработка и внедрение новых технологий при разработке месторождений высоковязких нефтей, предполагающих применение геологического, гидродинамического моделирования, лабораторных испытаний фильтрационного вытеснения нефти.

Современные подходы исследований, включая математическое моделирование, позволяют детально изучить геологию месторождения, характер движения и вытеснения флюидов из пласта в скважину, уточнить геологические запасы месторождения, и на основе этой информации выбрать наиболее эффективную систему разработки, спрогнозировать дальнейшую систему разработки и эксплуатации месторождения, включая применение методов увеличения нефтеотдачи и интенсификации добычи нефти.

Именно об этом в первую очередь и шел разговор на двухдневном семинаре, организованном ММГ.

Если говорить серьезно, то мне пришлось как следует поработать в течение всех 16 часов (т.е. всего того времени, которое было отпущено на семинар), рассматривая инновационные подходы к проблеме увеличения нефтеотдачи и интенсификации добычи нефти и их возможное применение на месторождениях Казахстана.

Мне доставило огромное профессиональное удовлетворение преподавателя и научного работника проводить семинар для профессионалов. Моя оценка семинара может быть кратко суммирована, как очень успешный и полезный!

Очень надеюсь, что подобные мероприятия в рамках повышения квалификации персонала ММГ будут продолжены в будущем!

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## 60 жас

Губашев Сарсенгали Шапхатович, 1 қыркүйек, ҚҚ, күзетші.
Кузембаев Есенкелди Туймебаевич, 4 қыркүйек, ПҚЖПЦ, темір ұстасы.
Губайдулин Абай Атигуллаевич, 5 қыркүйек, МжГӨЦ -3, мұнай және газ операторы.

## 55 жас

Ещанова Гульпаршин, 5 қыркүйек, ҚҚҰЦ, қабат қысымын ұстау операторы.
Байсарова Камиля Чабаева, 17 қыркүйек, МАӨЦ, түз бен су айыру қондырғысының операторы.
Кожамкулова Алтын Айдынова, 23 қыркүйек, МТЖБ, жабдықтарды жинақтау жөніндегі инженері.
Бекбосинова Жамиля, 25 қыркүйек, МжГӨЦ-2, 2-дәрежелі геолог.

## 50 жас

Нургалиева Марал Байбозовна, 1 қыркүйек, АРБД, топ жетекшісі.
Муратов Жукрай Аркалыкович, 1 қыркүйек, МжГӨЦ -4, мұнай және газ операторы.
Заханова Шолпан Атыллаевна, 1 қыркүйек, ПҚЖПЦ, есепші.
Шалабаев Толеген Туйешиевич, 3 қыркүйек, ПҚЖПЦ, токарь.
Ізбасар Нұрберген Төлегенұлы, 5 қыркүйек, ҚД, көлік жүргізушісі.
Караев Иса Амантурлиевич, 8 қыркүйек, ӘМжӘДД, тіс-дәрігері.
Ирмуханов Ибатулла Бахтигулович, 13 қыркүйек, ҚҚ, күзетші.
Турашев Парахат Баймуханович, 15 қыркүйек, ЖСҚКУ, слесарь –жөндеуші.
Бисенбаев Ергалы, 20 қыркүйек, ҚҚД, тас қалаушы.
Сримова Дания Кузембаевна, 23 қыркүйек, ТҮПЦ, күтуші.

# САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰСТАНҒАН ҰЖЫМ

**Өңірдегі ірі өндіріс ошағы, мұнай саласының қара шаңырағы саналатын «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қазақстан Республикасы Конституциясы және мұнайшылар мерекесіне орай спорттық мерекелік шараларды өткізуді қолға алды. Мекеменің қолдауымен қолға алынған спартакиада спорттың тоғыз түрінен өткізілді. Оның ішінде шағын футбол, үстел теннисі, боулинг, нысанаға ату, шахмат, суға жүзу сайыстары да бар.**





«Ақтау» ойын сауық кешенінің спорт залында Спартакиаданың ашылу салтанаты өтті. Жиналғандар ту шеруі мен барабаншылар дефилесін тамашалап, «Мирас» ұл балалар хорының өнерімен сусындады.

«Елбасы әр жылғы Жолдауында халықтың арасында бұқаралық спортты дамыту жайы мен спортқа барлық көңіл бөлу мәселесін жиі айтады. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ биылғы жылды табысты аяқтауға жақын. Сондықтан Қазақстан мұнайшыларын төл мерекесімен құттықтағым келеді. Еңбекте табыс, отбасыларына амандық, бар жақсылықты тілеймін», - дейді салтанатты шараның ашылуында сөз алған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Бақыт Иманбаев.



Компанияның әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі-мекеме жұмысшыларының бос уақытын тиімді пайдалануға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға жағдай жасау болып табылады. Осы бағытта өндіріс ошағы 13 жыл қатарынан мекеме қызметкерлерінің арасында спорттық жарыстар ұйымдастырып, аймақтағы спортшылардың республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуына демеушілік жасауды дәстүрге айналдырған.

«Спорттың қай түрі болмасын бұл біздің денсаулығымызға пайдалы. Сондықтан мен мұндай бастамаларды қолдаймын. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерін мерекесімен құттықтап, жарыстарға қатысуға демеушілік қызмет көрсетіп жүргендері үшін зор алғысымды айтқым келеді. Спартакиадаға қатысушыларға сәттілік тілеймін. Барлық Қазақстандықтарды мұнайшылар мерекесімен құттықтаймын. Осылай «Маңғыстаумұнайгазымыз» өркендей берсін, өсе берсін дегім келеді», - деді ҚР еңбек сіңірген спорт шебері Әділбек Ниязымбетов.

Спартакиаданың салтанатты ашылуынан кейін осы уақытқа дейін өткізілген жарыстарға белсене қатысып, жеңімпаз атанғандар арнайы дипломдармен марапатталды. 29-шы тамызда басталған спорттық шаралардың қорытындысы бойынша командалық есеппен бірінші орынды Техникалық кауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті, екінші орынды «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы, үшінші орынды Қауіпсіздік қызметі жеңіп алды.



# Шабыт құшағында

*Политехты бітірген жігіттермен*
*40-жылды тойлауға мен де келгем,*
*Қарт Каспийдің жарға соғып*
*Шуылдаған суын көрдім,*
*Көк туыңдай толқыған теңіз көрдім,*
*Келіп мен таң ғажайып сезімге ендім*
*Мақпалдай жұп-жұмсақ, желін сездім.*
*Жер қыртысы көрінген жерге келдім,*
*Бұл жерлер геологтың арманы еді,*
*Ашық тұрған оқулыққа теңгеремін*
*Тұла бойы тұнып тұрған қазба байлық,*
*Сол байлықты игерген елге келдім.*
*Маңғыстауды игерген жігіттерге,*
*Мен өзім әуелден де, сенген едім,*
*Маңғыстауда мұнайшылар дара тұрар*
*Қуаныш, Абай,  Нахим, Максим, Мұрат,*
*Қаман және Аманжол мен Құдабайлар !*
*Гүлжан менен Раиса, Гүлсім менен Сара қыздар!*
*Пернегүл мен Оразхан, Тәрбие бар!*
*Атай берсек жігіттер,тағы да, тағы да бар...*
*Бұл өңірді ашып берген Ата менен Ағалар бар!*
*Әке жолын жалғастырған,*
*Ұлдар менен қыздар да бар*
*Тау қопарар жігіттердің күшін көрдім.*
*Мұнайды өндірумен, шектелмеген,*
*Жетібайда тас қашаған,*
*Қуаныштың ісін көрдім.*
*Шуылдасып, балаша бір қуандық біз,*
*Бұл жемісі тап-таза еңбектердің.*
*Сол еңбектің арқасында өзгеріпті*
*Маңғыстауда талай жердің келбеттері.*
*Жер бетінде кереметтер көп қой білем,*
*Маңғыстаудан көрдік біздер,*
*Кереметтен кем түспейтін жер бедерін!*
*Халқым-ау, Маңғыстауды "шөл" демеңдер*
*Шөлге шығар өсімтал, тал егіңдер!*
*Ары қарай көркейтуге ерінбеңдер,*
*Бұл байлықты ешбір жерден таба алмайсың,*
*Өз жеріңді ешбір жерге теңгермеңдер!!!*

*10 тамыз 2014 жыл*

***Жұмағалиева Дина Сүлейменқызы,***
*Геолог*
*Құлсары қаласы.*

# Аққу Ана



*Киелі аққу мекен, шулап жағаң,*
*Шалқиды құстар ән сап әсем үнмен.*
*Аққудай асыл анам жарқын маған,*
*Сияқты шұғылалы шуақ күндей.*

*Қ-сы*
*Аққудайын Анажан неткен жансың,*
*Әуеніңмен тербеткен неткен әнсің.*
*Ұядай қанатыңмен қаумалап мәз,*
*Арнайлап нұрын шашқан неткен таңсың.*

*Айналдым қасиетіңнен қымбатты анам,*
*Айдының аққу қаздың алқабындай.*
*Шексіз кеп толқындаған ақ пейілің,*
*Сияқты Каспийдің көк шалқарындай.*

*Қ-сы*
*Аққудайын Анажан неткен жансың,*
*Әуеніңмен тербеткен неткен әнсің.*
*Ұядай қанатыңмен қаумалап мәз,*
*Арнайлап нұрын шашқан неткен таңсың.*

***Қ. Қанатов,***
***«ОТК» ЖШС жүргізушісі***




Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Р.Ізберген
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 211-736, 212-194, 211-938.
Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265
Таралымы: 1500

"CASPIY PRINT" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22 ш/а. тел: 750750
Тапсырыс: 1365